

"Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 579 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 193 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 579 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 48, 649-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 7 мамырдағы № 579 және «Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің жоспарын жасау қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі № 912 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 671 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 40, 584 - құжат) .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов